

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы N 10 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы  
"Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері  
бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы  
меморандумға қол қою туралы**

*Қ а у л ы                      е т е м і н :*

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумның жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қойылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы  
арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету**

## мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы

### Меморандум

Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы келісімнің ережелерін, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінде өзара іс-қимылдың құқықтық негізін құрайтын өзге де келісімдер мен уағдаластықты дамыта отырып;

ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану процесінде "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдалану бойынша екі жақты және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуде екі мемлекеттің мүдделілігін растай отырып;

Ресей Федерациясы жалға алған жағдайда "Байқоңыр" кешенінің инфрақұрылымын сақтау және дамыту жөніндегі бірлескен жұмыстардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қоршаған ортасына зымыран-ғарыштық қызметтің әсерін бағалау жөніндегі жұмыстардың нәтижелеріне қанағаттанушылық білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Үкіметтеріне 2004 жыл ішінде :

#### 1. Мынадай екі жақты келісімдерге:

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау шартына және 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының тізбесін кеңейту және Байқоңыр қаласының тұрмыс тіршілігі мәселелерін шешуге қатысу мәселелері бойынша 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі, оның атқарушы билік органдарын қалыптастыру тәртібі мен мәртебесі туралы келісімге;

оны мемлекеттердің табиғат қорғау заңнамаларының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Ресей Федерациясы оны жалға алған жағдайда 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімге келісілген өзгерістер мен толықтырулар енгізуді.

2. Ленинск сынақ полигонында құрлықаралық баллистикалық зымырандарды жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерде және "Байқоңыр" кешеніндегі Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнында жер учаскелерін қайта өңдеу туралы мәселенің шешілуін келісуді жеделдетуді.

3. "Байқоңыр" ғарыш айлағының 50 жылдығын мерекелеу бағдарламасын әзірлеу мен келісуі тапсырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Зымырандық технологияларды бақылау режиміне қосылу жөніндегі қажетті шараларды қабылдайтынын назарға алады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты барлық мәселелер аясы бойынша ұстанымдардың біртұтастығын растайды, және де Тараптардың ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бірлескен қызметін жоғары бағалайды.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Ресей Федерациясының*

*Президенті*